

В ДЕЛЕ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ОТРАСЛЕВЫХ СТАНДАРТОВ ЗНАЧИМУЮ РОЛЬ ИГРАЕТ ТЕХНИЧЕСКИЙ КОМИТЕТ №40 (ТК 40), ФУНКЦИОНИРУЮЩИЙ С 2002 ГОДА НА БАЗЕ ҚТЖ. В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ ТК 40 ЯВЛЯЕТСЯ ПОЛНОПРАВНЫМ ЧЛЕНОМ МЕЖДУНАРОДНОГО КОМИТЕТА ISO/TC 269 RAILWAY APPLICATIONS И МЕЖГОСУДАРСТВЕННОГО КОМИТЕТА МТК №524 «ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЙ ТРАНСПОРТ». КОМИТЕТ ОБЪЕДИНЯЕТ 51 ОРГАНИЗАЦИЮ И 143 ТЕХНИЧЕСКИХ ЭКСПЕРТА ПО СТАНДАРТИЗАЦИИ.

Батыр КОТЫРЕВ,  
главный инженер АО «НК «ҚТЖ»



№88 (2696)  
26/10/2021

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

### ЖОСПАР МЕЖЕДЕН АСЫРА ОРЫНДАЛДЫ

ҚТЖ ұлттық компаниясының сенімді серіктесі болып табылатын «Теміржол жөндеу» мердігерлік компаниясы солтүстік өңірде биылғы жылдың соңғы жұмысына нүкте қойды. Яғни, межелеген күрделі жөндеу толықтай аяқталып, жоспар 120 пайызға асыра орындалды.

Ислам ТАЛФАТ,  
Нұр-Сұлтан

Таратып айтсақ, соңғы нүкте – солтүстіктегі Сарыоба-Еркіншілік телміндегі 19,11 км жол күрделі жөндеуден өтіп, жаңа келбетке ие болды. Телімде Астана жол машиналары станцияларының жұмысшылары «Теміржол жөндеу» ЖШС теміржол құрылысы және жөндеу бойынша директоры Қайрат Ақпаровтың жетекшілігімен 12 сағаттық технологиялық толассыз алып, ластанған балласты тереннен қазып, тазарта отырып, 1500 метр көлеміндегі су жаңа темірбетон рельс торкөздерін салды.

Жалпы серіктестіктің үш тоқсандағы жұмыс қорытындысына келсек, келісімшарт бойынша 172,3 км жол күрделі жөндеуден өтуі тиіс болса, нақтысында 207,5 км жол жөндеуден өтіп, жоспар 120% орындалып отыр. Соның ішінде, Ақтөбе ЖМС 70 км жуық жолға күрделі жөндеу жүргізсе, Астана ЖМС – 54,8 км, Бірлік ЖМС – 48,3 км жолға, ал Шар өндірістік учаскесі 35 шақырымға жуық жолға күрделі жөндеу жүргізген. Сондай-ақ,

167,5 км жолдың рельстері жаңа ұзыншемі түйіспесіз иіндермен алмастырылса, 509 мың текше метр жолдың қиыршық тастары балласталып, нығайтылды.

«Теміржол жөндеу» компаниясының жұмысшылары өз міндеттерін абыроймен атқарып шықты. Біз барлық жұмысшыларға өнімді де адал еңбектері үшін алғысымызды білдіреміз. Ұжым ұйымшыл болғанда, алынбас қамал, бағындырмас белес жоқ», – деді мердігер компания басшысы Қайрат Ақпаров.

Осы ретте, Магистральдық желі дирекциясында қабылданған өндірістік бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылып жатқан теміржолдарды сауықтыру, жаңғырту және жаңалау шараларының басты мақсаты – негізгі транзиттік бағдарларды өткізу қабілеттілігін ұлғайтумен қатар жолаушылар және жүк пойыздарының қозғалыс қауіпсіздігін сақтай отырып, олардың жылдамдығын ұлғайтуға бағытталып отырғанын атап едік. Жұмыстар үстіміздегі жылдың сәуір айында оңтүстік өңірде басталған еді. Жолдарға күрделі



жөндеу арнайы әзірленген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес екі тәсілмен жүргізілуде. Оның бірі SMD-80 техникасының көмегімен балласты тазалай және үстінен толықтыра отырып, шпалдарды ауыстыру, сонымен қатар RM-80, ХДВ, ЭЛБ, ВПО-3000, Duomatic, DGS, PBR машиналарының кешенін қолдана отырып, рельстерді түйіспесіз рельс иіндеріне ауыстыру болса, екінші

тәсілі, жаңағы ауыр машиналар кешенімен УК25/9-18 кранын пайдалана отырып, рельстерді, шпалдар мен балластарды тұтастай алмастыру болып отыр. Жүрістің бір қалыпты болуын қамтамасыз ету үшін ПРСМ рельс дәнекерлеу машинасын қолдана отырып, учаске блогына дейінгі түйіспесіз рельс иіндеріне дәнекерлеу жұмыстары жүргізілуде.

Суретті түсірген автор

### САМЫЙ ДОБРЫЙ В СТРАНЕ



В рамках празднования 30-летия независимости Казахстана, в стране выберут Самого доброго среди участников общенационального проекта «Марафон добрых дел», который стартовал в феврале нынешнего года по инициативе Главы государства Касым-Жомарта Токаева.

Прием заявок на участие в конкурсе стартовал с 1 сентября и завершится 29 октября 2021 года. Победителей будут выбирать в десяти номинациях: «Самый добрый волонтер», «Самый добрый бизнес», «Самый добрый регион», «Самый добрый коллектив», «Самый добрый к окружающей среде» и т.д.

Желание оказывать помощь на безвозмездной основе объединило по всей стране волонтеров, представителей бизнеса и госструктур. Поэтом одна из задач проекта – рассказать о добрых делах неравнодушных людей. Именно их поступки позволят объединить общество, в основе которого будут лежать идеи щедрости и доброты, которые в будущем позволят положительно изменить жизнь людей, считают в Центре поддержки гражданских инициатив.

К конкурсу допускаются проекты, мероприятия, акции, реализованные в течение 2021 года. Подведение итогов планируется на конец текущего года с участием Главы государства.

Приосоединиться к марафону может любой желающий. Для этого необходимо оставить заявку на сайте [www.qim.kz](http://www.qim.kz).

При направлении заявки копию необходимо отправить на почтовые адреса [zhanaliyev\\_ye@railways.kz](mailto:zhanaliyev_ye@railways.kz) и [info@cscc.kz](mailto:info@cscc.kz).

По всем вопросам обращаться к менеджеру департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Ержану Жаналиеву по номеру 8 7172 60 45 76.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

ЗА ПЕРИОД ЯНВАРЬ-СЕНТЯБРЬ ДЛЯ ТЭЦ И ГРЭС ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ ДОСТАВЛЕНО

**53,4** млн тонн

ТВЕРДОГО ТОПЛИВА

С 2010-ГО ПО 2021 ГОД АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ» ПРИОБРЕЛО

**1 153**

ВАГОНА

В РАМКАХ РЕАЛИЗАЦИИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРОГРАММЫ ИНФРАСТРУКТУРНОГО РАЗВИТИЯ «НҰРЛЫ ЖОЛ» РОСТ КОНТЕЙНЕРНОГО ТРАНЗИТА ПЛАНИРУЕТСЯ УВЕЛИЧИТЬ ДО

**969** тыс. дФЭ

### Транзит

#### ПОДДЕРЖКА ОТ ГОСУДАРСТВА

К 2025 году контейнерный транзит через Казахстан планируется увеличить до 969 тысяч дФЭ, сообщалось в ходе заседания общественного совета в Министерстве индустрии и инфраструктурного развития РК.



Любовь РОВБА,  
Нұр-Сұлтан

Такой показатель будет достигнут благодаря реализации государственной программы инфраструктурного развития «Нұрлы жол» на 2020-2025 годы. Участники заседания в МИИР РК рассмотрели основные этапы

внедрения программы, обсудили разработку Комплексного плана развития отраслей транспорта до 2030 года, а также мероприятия в рамках национального проекта «Сильные регионы – драйвер развития страны».

Государственная программа инфраструктурного развития «Нұрлы жол» направлена на создание эф-

фективной и конкурентоспособной транспортной инфраструктуры, развитие транзита и транспортных услуг, совершенствование технологической и институциональной среды, отмечалось на заседании.

Так, до 2025 года в Казахстане планируется увеличить объем транзитных перевозок на 11% и довести до 25,3 миллиона тонн. В том числе прогнозируется рост контейнерного транзита до 969 тысяч дФЭ.

Напомним, в рамках программы «Нұрлы жол» будет осуществлен капитальный ремонт путей на участке Достык – Мойынты, строительство вторых путей на участках Достык – Бесколь и Сақ – Мойынты, модернизация пяти и строительство шести раздельных пунктов, а также электрификация участка Ақтоғай – Мойынты общей протяженностью более одной тысячи километров.

Кроме того, благодаря госпрограмме за счет бюджетного кредитования АО «НУХ Байтерек» в середине октября поставлено 28 новых пассажирских вагонов, до конца 2021 года ожидается поставка еще четырех.

Фото Александра ЖАБЧУКА



Аслан АКАШОВ,

«ҚТЖ» ҰК» АҚ –

«Жолдарды диагностикалау орталығы» филиалы директоры:

МОБИЛЬДІ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КЕШЕНДЕРДІ ЕНГІЗІЛУ ЖОЛҒА ДИАГНОСТИКАНЫ, ЯҒНИ УЛЬТРАДЫБЫСТЫҚ ЖӘНЕ МАГНИТТІК ДЕФЕКТОСКОПИЯНЫ, ЖОЛДЫҢ ЖОҒАРҒЫ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТЕРІНЕ БЕЙНЕ БАҚЫЛАУДЫ САПАЛЫ ЖҮРГІЗУГЕ МҮМКІНДІК БЕРІП ОТЫР. БҰЛ ОПЕРАЦИЯЛАР РЕЛЬСТЕРДІҢ ЖАРЫЛЫП КЕТУ ЖАЙТТАРЫНЫҢ АЗАУЫНА ӘКЕЛІП ОТЫР

### ЖОБА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



«Жолаушылар тасымалы» АҚ «100 жас есім» жобасының жеңімпаздарын марапаттады. Бұл жобаның мақсаты – компания жас қызметкерлерінің әдептілік, меритократия, қасбилік және белсенді ниеттілік идеяларын ілгерілету болатын.



Жоба компания жас кадрларының әлеуетін дамытуға бағытталған жастар саясаты шеңберінде іске асырылуда. «Жолаушылар тасымалы» АҚ басшылығы болашақта бизнес-процестерді жақсарту және жолаушылар тасымалындағы сервис сапасын арттыру үшін жас қызметкерлердің бастамасына үлкен үміт артып отыр. Жобаға қатысқан үміткерлер саны 150-ден асады. Өтінімдерді қабылдау процесі басшылардан/әріптестерден, сондай-ақ өзін-өзі ұсынудың арқасында жүзеге асырылды. Өзіндік таныстырудың үздік бейнелері іріктелгеннен кейін қатысушылар сұхбаттан және сараптамалық іріктеу турларынан өтті. Соның қорытындысы бойынша «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның «100 жас есімі» жобасына енген қатысушылар анықталды.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның «100 жас есімі» – бұл біздің саладағы мамандар үшін тамаша мүмкіндік. Компания осы бағдарламаны іске қосып, жастарға үлкен үміт артатынын көрсетті, – дейді «Қазкөлікәсіп» ҚБ «Астана» филиалының төрағасы Серік Сәрсекеев.

Жылжымалы құрамды басқару департаментінің 1-ші деңгейлі бас менеджері Медет Махатов алғашқылардың бірі болып өтінім беріп, жоба жеңімпазы атанды. «Жас қызметкерлер – компанияның негізгі стратегиялық ресурсы. Сондықтан да жобаның басты мақсаты – компанияны дамытуға және онымен бірге өсуге қабілетті, жауапты қасби мамандарды, ХХІ ғасырдағы теміржолшылардың жаңа буынын қалыптастыру», – дейді ол.

Нұрбек БЕКЕН

### В ПЕРСПЕКТИВЕ – РОСТ ОБЪЕМОВ

В Актау прошла II Международная конференция «CaspianPortsandShipping – 2021». Ее участники обсудили перспективы развития транспортно-коммуникационного комплекса Каспийского региона.

Айлин БАУРЖАН,  
Актау

В конференции приняли участие представители более 80 различных организаций в сфере транспорта и логистики мирового уровня, 11 послов Европейского Союза, а также участники Транскаспийского международного транспортного маршрута.

Вице-министр индустрии и инфраструктурного развития РК Руслан Баймишев отметил, что Казахстан находится в центре важных транспортных линий Евразийского материка, представляя собой транзитный мост и надежного партнера между Азией и Европой.

– Сегодня Глава государства Касым-Жомарт Токаев уделяет особое внимание развитию транспортно-логистического комплекса Казахстана. По его поручению разработан национальный проект «Сильные регионы – драйвер развития страны», который даст дополнительный импульс, в том числе для развития Каспийского региона. Уверен, что данная конференция внесет вклад в развитие транзитно-транспортного потенциала Каспийского региона, дальнейшее укрепление долгосрочных и взаимовыгодных партнерских отношений, – сказал он.

На конференции обсуждались

вопросы торгового спроса в Каспийском регионе, перспективы инвестирования в транспортную отрасль, контейнеризация грузопотоков, цифровизация инфраструктуры, развитие «зеленой экономики».

Кроме того, участники форума посетили морские порты Актау и Курык, в ходе которых ознакомились с их мощностями и перспективами развития.

Так, за 9 месяцев текущего года через указанные порты перевалено 4,1 миллиона тонн грузов, при этом наблюдается положительная динамика в перевалке зерна на 50% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года, а



также контейнеров – на 24%.

На сегодняшний день одной из приоритетных задач развития транспортного сообщения в каспийском направлении является развитие морских портов и отечественного торгового флота, в том числе создание на базе порта Актау «контейнерного хаба». Прогнозируемый рост контейнеропотока к 2025 году

составит порядка 100 тысяч дФЭ в год.

В целом Каспийский форум станет площадкой для многопланового общения государства и бизнеса и выработки конструктивных предложений для дальнейшего развития транспортного сообщения между Азией и Европой.

Фото автора



## САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

**Асхат РАЙҚҰЛ,**  
Тараз



**Биылғы 18-22 қазан аралығында Тараз станциясы желілік полиция бөлімшесінің қызмет көрсету аумағында «Тоқтаңыз! Басып кету қауіпі бар!» акциясы өтті.**



Шараға теміржолшылармен бірге Жамбыл көлік прокуратурасының, «Nur Otan» партиясы жергілікті филиалының, өңірдегі білім беру орындары мен денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлері тартылды. Желілік полиция бөлімшесінің аға инспекторы, полиция майоры Лаура Көпбаеваның айтуынша, акция Тараз станциясының аумағында пойыздардың адам басып кету фактілерінің алдын алуды мақсат етеді. Сондай-ақ балаларға теміржолдағы қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін ескертуді, жасөспірімдер қылмыстарының алдын алуды, көмелетке толмағандардың арасында әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауды, олардың түнгі мезгілде жалғыз-жарым жүруін болдырмауды көздейді.

«Акция кезінде, әсіресе жеткіншектерге теміржолдағы қауіпсіздік ережелерін таныстырдық, қауіп-қатерді жан-жақты түсіндіріп, тәжірибе жүзінде де көрсеттік. Сонымен қатар көмелетке толмағандарға алкогольдік ішімдік, темекі өнімдерін сату фактілері анықталды. Ондай сауда нысандарының жолын кесіп, балалардан заңсыз сақталатын заттарды тәркіледік», – деді Л.Көпбаева.

Суретті түсірген автор

## ОН ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ҚОРШАЛДЫ

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей



**Бүгінде Семей магистральдық желі бөлімшесіне қарасты барлық жол дистанцияларында қысқа даярлық шаралары толық аяқталды. Соның ішінде қос бағытта қызмет көрсететін ПЧ-39 мекемесінің жолшылары ауқымды іс бітірді.**

Білікті басшы Рахат Ботаспаевтың басшылығымен жергілікті жолшылар қауымы жыл ішіндегі жоспар аясында Дегелең-Жаңа-Семей телімі бойындағы 10 шақырымдық аумақтың мал қоршауын шаруашылық тәсілмен салып шықты. Атап айтсақ, Көл-Талды, Жалпақ-Талды станцияларының аралығындағы желі бойында жаңадан қоршау салынды.

Жалпы, осы аумақ бойынша желінің қос қапталындағы мал қоршауы 64 шақырым болатын. Бұл аздақ етуде. Себебі, телім бойында жылдамдығы аса жоғары Алматы-Павлодар, Өскемен-Нұр-Сұлтан, Семей-Нұр-Сұлтан сынды жолаушылар пойыздары қатынайды. Бұдан өзге Қаражыра көмір кенішінен тәулігіне ең кемі 4 жүк пойызы жолға шығады. Ал, желінің қос қапталында негізінен шағын малды ауылдар, шаруа қожалықтары мен қыстақтар орын тепкен. Сондықтан басшылықтың ұйғарымымен мал қоршауын жыл сайын ұлғайту көзделген болатын.

– Жаңадан он шақырым қоршаудан бөлек, бұрынғы 64 шақырымдық мал қоршауларының жекелеген аумақтарына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Кейбір тұстарын қайтадан жаңарттық. Енді төрт түліктің жолға шығып кету фактілерінің алдын алу бойынша ескерту, түсіндіру жұмыстарына күш салатын боламыз, – дейді ПЧ-39 бас инженері Мырзабек Керейбаев.

## АЛҒАШҚЫ САПАР СӘТТІ БОЛДЫ



**Жан ПЕРДЕБЕК,**  
Шымкент

Біз сенбі күні түскі сағат үште Шымкент вокзалына 20 минут аялдаған пойызды қарсы алып, су жаңа құрамның жолаушыларымен тілдесіп үлгерген едік. «Жақсыны көрмек үшін» деген, бірнеше күннен бері жұрт жабыла мақтап жатқан жаңа вагондарды көруге біз де асық болдық. Алдымен «әйелдер вагоны» аталған 7-ші вагонға бардық. Маңғыстаудан Алматыға келе жатқан жолаушы Айман Алпамысова заманауи үлгідегі су жаңа вагондарға бір риза болса, тек әйелдерден құралған вагон шыққанына екі риза екенін жеткізді.

«Мен үнемі осы Маңғыстау-Алматы бағытындағы пойыздың қызметін пайдаланамын. Мұның алдында вагондардың сапасы сын көтермейтін өте нашар болатын. Дәретхананың сасық иісі, купе мен плацкарттардың әбден ескіріп кеткен орындықтары ыңғайсыздық тудыратын. Телефон зарядтап алу, тамақты тоңазытқышқа сақтап қою, микротолқынды пешке тамақ ысытып алу деген мүлдем жоқ еді. Қазір жаңартылған вагонда қажеттінің бәрі бар. Тек қана әйелдерге арналған вагон шықты дегенді естіп, соған билет сатып алдым. Ер адамдарсыз жолаушылап келе жатқанымыз бірден сезілді, қауіпсіз әрі қысылмай еркін отырарсың. Әңгімемізді айттып, шәйімізді ішіп, қалауымызша жа-



тып-тұрып емін-еркін келеміз», – деп күлді Айман апай.

Ақтау мен Алматы шаһарының арасы үш мың шақырымдай арақашықтықты құрайды. Мұндай ұзақ жолға көлікпен жүру қолайсыз, ал ұшақтың билетін кез келгеннің қалтасы көтермейді. Сондықтан жолаушылар үшін өте тиімді де ыңғайлы көлік – пойыздардың жаңарып, сервистік қызметі артып жатқаны кімге ұнамасын, әрине, жолаушылар дән риза екендерін жасырмады.

Пойыз басышының айтуынша, «Жолаушылар тасымалы» АҚ №77/78 «Маңғыстау – Алматы-2» пойызының 90 вагонын жаңартқан. Бұл, әрине, жолаушылар ағы-

ның көбейе түсуіне де септігін тигізеді даусыз. Шымкент вокзалынан мінген сексен жастағы Мәриям әжей сыңғырлаған су жаңа вагондарды көріп, қатты риза болып, «бәрекелді, мынадай пойызда жол жүрудің өзі ғанибет қой, теміржолшы балаларыма алғысымды жеткізіндер» деді.

«Ақтаудан 21 қазанда кешкі онда жолға шықтық. Құрамда 12 вагон, 7 плацкарт, 5 купе бар. Вагондар керек-жарақ құралдармен толық жабдықталған. Жолдың ұзақтығына қарамай жолаушылар көңілді келеді, бұл бір ерекше сапар болды», – дейді пойыз бастығы Ерлан Нұралыұлы.

Суретті түсірген автор

## ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ ҚАЖЕТ



КӨЗҚАРАС

**Бес бірдей теміржол түйіспесі бар Алматы өңірі – елдегі логистикалық тізбектің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Олар – Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстары және Қытай теміржолымен шекаралас Достық және Алтынкөл станциялары.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Нұр-Сұлтан

Сондықтан, компания қызметіндегі ең маңызды көрсеткіш – пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бұл өңірде аса маңызды. Мейрамбек Серікбаев басқаратын ревизорлық аппаратта 7 адам еңбек етеді. Алматы өңірінің логистикалық бағыттарындағы географиялық ерекшеліктерін ескере отырып, Саяқ – Ақтоғай – Достық учаскесіне қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі өңірлік ревизордың орынбасары Тұрысбек Бекенов қоныс аударды.

«Алматы темір жолы – өте күрделі торап, қазіргі уақытта бөлімше станциялар мен учаскелердің өткізу және қайта өңдеу шектеулі жүктерді қабылдауына байланысты Достық пен Алтынкөл мемлекетаралық түйіспелерінде күрделі жағдай қалыптасқан. Бұл өз кезегінде учаскелік және аралық стан-

цияларда пойыздардың тұрып қалуына әкелуде. Сәйкесінше, жұмыс паркi ұлғайып, өткізу қабілеті төмендеген және Қытайға бағытталған тастанды құрамдар саны артқан. Бұл аталған факторлардың бәрі пойыздар қозғалысын ұйымдастыруға, маневрлік жұмыстар өндірісіне, қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға тікелей әсерін тигізуде», – дейді Мейрамбек Серікбаев.

Өңірлік бас ревизор қозғалыс қауіпсіздігін бұзуға әкелген жайттардың себептері мен сипаттарын сараптай отырып, оның түп-тамыры «адам факторына» барып тірелетінін айтады. Қауіптілік дәрежесін жете бағалауға, жөн-жосықсыз тәуекел, ұқыпсыздық, қозғалыс қауіпсіздігі ережелерін толық елемей, нұсқаулықтар мен лауазымдық міндеттердің талаптарын өрескел бұзу сияқты әртүрлі кемшіліктер – шын мәнінде, қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуына әкеп соқтыратын алғышарттар жиынтығы.

«Әрине, мұндай бұзушылықтардың қайталануына жол бермеу үшін әрекет ету шараларын

қолдана отырып, олардың пайда болу себептерін анықтау қажет. Алайда, қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың алғышарттары жойылмайынша, бұл оқиықтардың қайталануы беретіні сөзсіз. Мұны өңірлік салалық ревизорлар анықтаған ескертулер статистикасы айқын көрсетіп берді. Сондықтан алдымен жергілікті жерлерде қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру қажет. Ол үшін не істеу керек? Әлбетте, персоналмен жұмыс жүргізу кезінде, яғни қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша оқыту, біліктілігін арттыру және ынталандыру қажет. Біздің тарапымыздан, яғни ревизор аппаратымен инфрақұрылым объектілері мен жылжымалы құрамның жай-күйіне, қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуына әкелетін алғышарттарға мониторинг жүргізу жалғасатын болады. Бұл жұмыстың жетістігін тек тікелей орындаушы немесе техника ғана емес, жалпы қызметті ұйымдастыру жүйесі анықтайтын болады», – дейді Мейрамбек Серікбаев.

## Кәсібі-нәсібі



### АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛДЫ

**Бейнеулік вагон қараушы қауіптің алдын алды. Қырағы вагон қараушы автотіркегіштен оңай байқала қоймайтын ақауды анықтап, қозғалыс қауіпсіздігіне төнген қатерді жойды.**

**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау


Вагондарға техникалық қызмет көрсету пунктіндегі вагон қараушы-жөндеушісі Мейрамбай Жариев станцияның 14-жолына келіп тоқтаған 3290 нөмірлі жүк пойызына қызмет көрсету кезінде 60707361 нөмірлі вагоннан тосын дыбысты байқап, тексере келе автотіркегіштен ұзындығы 80 мм жарықшақ тапты. Бұл Құлсары станциясынан Жаңа-ауыл станциясына жол алған, жүк тиеулі вагон болатын. Таяуда ғана, 25 қыркүйекте «Ибраев+К» мекемесінен депольке жөндеуден өтіпті. «Қазтеміртранс» АҚ-на тиесілі қазақстандық вагон.

– Мейрамбай Жариев жеті-сегіз жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан, тәжірибесі толыққан вагон қараушы. Осы уақытқа дейін бұдан басқа да қауіпті ақауларды тауып, көзге түскен. Енді автотіркегіштің кіші тістеріндегі жарықшақты дер кезі байқап, жұмысына жауаптылығын тағы да дәлелдеп отыр. Егер ондай кемшілігі бар вагон әрі қарай да жүре бергенде жолда өздігінен ағытылып кетіп, апат болуы мүмкін еді, – дейді Бейнеу ТҚКП басшысы Нұралы Қлычев.

Айта кетсек, бұл – Бейнеуде қазан айында тіркелген бірінші жағдай. Оған дейін тоғыз ай ішінде бейнеулік вагон қараушылардың назарына 23 вагоннан ақау табылған екен.

Суретті түсірген автор

## АЙЫППҰЛ АРҚАЛАҒАНДАР КӨБЕЙГЕН



КӨКЕЙКЕСТІ

**Бүгінгі таңда ел шығысында темір жол бойындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде түйіткілдер көп. Мәселен, аймақ бойынша жыл басынан бері қозғалыс қауіпсіздігіне қатер төндірген үлкенді-кішілі 88 жағдай тіркелген екен. Соған орай айыппұл арқалағандар да көбейген...**

**Қуан ЕРТІС,**  
Семей

Жыл басынан бері пойыздардың шұғыл тегелу фактілері жиілеген. Апаттың алдын алу мақсатында

Семей магистральдық желі бөлімшесі мен жергілікті желілік полиция бөлімінің мамандары тұрғындарға тұрақты түрде ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Желі бойын рұқсат етілмеген жерден



кесіп өтетін жаяу жүргіншілер мен қараусыз малдардың рельс бойында ауа жайылуы бәрібір тыйылмай тұр. Мамандардың айтуынша, әсіресе күз мезгілінде

қараусыз малдың желі бойында жүруі жиілеп кетеді екен. Темір жол бойында орналасқан шағын ауылдар мен шаруа қожалықтары иелігіндегі төрт түлігін қараусыз

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК



## ЛОКОМОТИВЩИКИ ПОДГОТОВИЛИСЬ К ЗИМЕ



ПРОИЗВОДСТВО

**В осенне-зимний период эксплуатация локомотивов имеет свои особенности. Для их подготовки к зиме в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22) до 31 октября проводится осенний комиссионный осмотр локомотивов. Также на предприятии по итогам осенней авторемонтной конференции разработали мероприятия и рекомендации для исправной эксплуатации авторемозов, взаимодействия смежных служб при возникновении нестандартных ситуаций.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

– Мы постоянно прорабатываем со всеми локомотивными бригадами порядок их действия при наступлении сложных метеорологических условий, замерзания аппаратов и агрегатов, обеспечивающих нормальную работу локомотива, при отказе тормозов или недостаточном тормозном эффекте в пути, в аварийных и нестандартных ситуациях, – рассказал машинист-инструктор ТЧЭ-22 Рустем Мусеменов.

Кроме того, для машинистов и помощников машиниста, работающих первую зиму, проводят не менее двух технических занятий дополнительно к основным четырем занятиям в месяц. Сейчас в ТЧЭ-22 11 машинистов со стажем работы менее года.

– Для обеспечения безопасности движения поездов требуется точное и своевременное выполнение требований приказов и действующих инструкций каждым участником перевозочного процесса, постоянная работа по повышению своего уровня технических знаний, – продолжил Рустем Мусеменов. – Нельзя оставаться безразличным при исполнении своих должностных обязанностей, нужно искать новые варианты и возможности.

Командно-инструкторский состав Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо тщательно анализирует причины неправильного управления авторемозами на участках своего обслуживания, потом прорабатывает их с локомотивными бригадами для устранения.

Совместная осенняя авторемонтная конференция в ТЧЭ-22 в этом году прошла в конце сентября, в ее работе участвовали не только локомотивщики, но и представители ревизорского аппарата, Оскеменского эксплуатационного вагонного депо, АО «Ва-



гон-сервис». На ней рассмотрели особенности подготовки, обслуживания, эксплуатации авторемозов в зимний период, разобрали неправильные действия всех причастных работников, допустивших случаи инцидентов и нарушений. Главный региональный ревизор департамента безопасности движения по Восточно-Казахстанскому участку Айдын Огузбаев рассказал о замечаниях, которые выявил ревизорский аппарат во время выполнения внезапных проверок.

Участники конференции выработали ряд решений для более безопасной эксплуатации локомотивов в осенне-зимний период. В связи с необходимостью вождения грузопассажирских поездов внесли изменения в Местную инструкцию по управлению авторемозами. Также решено для следования с грузопассажирскими поездами привлекать исключительно те локомотивные бригады, которые прошли ежегодное собеседование и имеют заключение для вождения пассажирских поездов.

Согласно внесенным в инструкцию изме-

нениям работникам Оскеменского эксплуатационного вагонного депо необходимо выполнять полное опробование грузовых поездов на станциях, разделяющих гарантийные участки, согласно Перечню гарантийных участков, согласно Перечню гарантийных участков, а также приказу №958-ЦЗ «О границах гарантийных участков». Этот же приказ учитывает диспетчерский аппарат Семейского отделения грузовых перевозок при организации движения грузовых поездов. Категорически запрещено отправление грузовых поездов со станции Оскемен-1, Шемонаиха, Күмістау, Бухтарма без полного опробования авторемозов, независимо от станции формирования. В адрес локомотиворемонтных предприятий из ТЧЭ-22 направили письмо о том, что им необходимо вносить в журналы технического состояния локомотивов параметры ЭПТ, установленные в ходе обслуживания, регламентных работах при заходе на плановые виды СО.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## ОТ КАРАВАННЫХ ТРОП ДО СОВРЕМЕННОСТИ



СЕМИНАР

**Организация железнодорожной музейно-просветительской деятельности – главная тема двухдневного семинара для музейных работников профсоюза, прошедшего в Алматы.**



**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Стоит отметить, что Алматы выбран не случайно, именно здесь в 1999 году был открыт Центральный музей железнодорожного транспорта – культурный памятник истории железной дороги Казахстана. Семинар начался с экскурсии по музею, где участникам были представлены экспозиции, материалы из периодической печати, блок фотографий, монографии, словом, история развития стальной магистрали. По крупницам собирали музейные экспонаты бывшие работники

железнодорожного транспорта – основатель, первый директор музея Бейсен Шормаков и Элеонора Масимова. Продолжают их славное дело директор музея Гульнара Шормакова, именно она провела экскурсию в прошлое, поделилась творческими планами.

С каждым годом музей пополняется новыми раритетами и экспонатами, люди сами приносят памятные вещи заслуженных железнодорожников страны. За годы существования здесь созданы уникальные альбомы и стенды, воплощены идеи, интересные решения в оформлении залов. А это немаловажный момент.

В ходе семинара доктор экономических наук, профессор Ануарбек Сабетов рассказал об истории возникновения железнодорожного транспорта в мире и его становлении в Казахстане. Разговор зашел и о структуре управления железной дорогой на разных этапах развития. В частности, говорилось о технических средствах на предприятиях. Семинар приобрел формат свободного микрофона, где каждый мог поделиться своими идеями, мыслями, своей работой.

В свою очередь профессорско-преподавательский состав Казахского национального университета им. аль-Фараби затронул вопросы связи с общественностью, меценатства, волонтерства, а также использования коммуникативных технологий в музееведении. В процессе разговора подчеркивалась важность сохранения историко-технического наследия, чтобы железнодорожные музеи стали не только центром пропаганды роли железнодорожного транспорта в развитии экономической и социальной жизни республики, но и богатым культурным памятником.

– Сегодня участники семинара поделились интересными новизнами в своей работе, обменялись опытом формирования фондов как стационарных, так и виртуальных профсоюзных музеев, практикой применения различных форм их работы, также обсудили роль средств массовой информации. В целом, подобные мероприятия необходимо проводить как можно чаще, – отметила кандидат исторических наук, доцент КазНУ им. аль-Фараби Гульжан Меирманова.

Итогом встречи стало вручение сертификатов музейным работникам из разных уголков Казахстана.

Фото автора

## ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «КТЗ Экспресс» (далее – АО «КТЗ Экспресс») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «КТЗ Экспресс», которые начнутся 09 ноября 2021 года в 11.00 (время Нур-Султана) на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Реализация Имущества осуществляется в соответствии с Правилами реализации имущества АО «КТЗ Экспресс», утвержденными решением Совета директоров АО «КТЗ Экспресс» (протокол от 10 января 2018 года №1) (далее – Правила) и Регламентом проведения электронных торгов по продаже имущества на веб-портале Реестра государственного имущества, утвержденным решением Совета директоров АО «Информационно-учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года №66) (далее – Регламент).

На аукцион выставляется следующее Имущество:

№	Наименование транспорта	госномер	год	начальная стоимость	стартовая стоимость	минимальная стоимость	гарантийный взнос
1	Chevrolet Captiva	817CN01	2014	6 722 645	20 167 936	6 722 645	1 008 397
2	Вагон мастерская	010130	1984	241 920	725 760	193 536	36 288
3	Полуприцеп Сзап 99051	23ESA02	2008	2 414 177	7 242 530	1 931 341	362 127
4	КАМАЗ 54115-010-15	187AT04	2014	8 522 455	25 567 366	6 817 964	1 278 368
5	ППК Эрдт 931-05	45CUA04	2015	3 128 036	9 384 107	2 502 429	469 205
6	Skoda Superb B6	171 AT04	2012	4 260 213	12 780 640	3 408 171	639 032

Регистрация участников торгов на веб-портале Реестра со дня публикации извещения на веб-портале Реестра и заканчивается за два часа до начала торгов.

Для регистрации в качестве участника торгов необходимо на веб-портале Реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно приложению к Регламенту, подписанную ЭЦП участника.

Торги – в форме аукциона методом на понижение цены.

Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно-учетный центр»: БИН: 050540004455, БИК: KZKOKZKX, ИИК: KZ 529261501102032004, АО «Народный Банк». Назначение платежа: гарантийный взнос для участия в электронном аукционе (в размер гарантийного взноса оплата

банковских услуг не входит).

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается. С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО «Информационно-учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб-порталом Реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

В случае неподписания участником, победившим в торгах, протокола о результатах торгов гарантийный взнос не возвращается.

Победителем считается участник, первым подтвердивший свое желание



## ВЫШЕ ПОКАЗАТЕЛИ – БОЛЬШЕ ПРИБЫЛЬ

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай



ИТОГИ

**В Костанайском отделении грузовых перевозок озвучили эксплуатационные показатели работы отделения за девять месяцев.**

Как сообщил заместитель директора Костанайского отделения ГП по экономике Ильяс Исмаилов, по итогам работы за 9 месяцев текущего года выполнены к плану и улучшены к уровню прошлого года показатели использования вагонного парка и парка локомотивов.

Основные фондообразующие показатели – грузооборот и погрузка – выполнены к плану на 101,1% (111,8% к факту прошлого года) и на 102,4% к факту прошлого года, соответственно. Выгрузка вагонов выполнена к плану на 109,6%. Процент порожнего пробега вагонов выполнен к плану на 101,3 и 101,5 к уровню прошлого года. Статическая нагрузка вагонов выполнена к плану на 100,6%. Средний вес поезда – на 100,5%. Динамическая нагрузка вагонов выполнена к плану на 100,3%, к уровню прошлого года – на 100,2%.

– По итогам работы всего года мы планируем еще увеличить эксплуатационные показатели работы отделения, – говорит Ильяс Исмаилов. – И к этому есть все предпосылки.

Фото автора

## УСЛОВИЯ ДЛЯ РОСТА

**Любовь РОВБА,**  
Нур-Султан



ПЕРЕВОЗКИ

**С начала года объем перевозок в сервисах совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси АО «ОТЛК ЕРА» вырос более чем на 30% по сравнению с аналогичным периодом 2020 года.**

За январь-сентябрь 2021 года ОТЛК ЕРА перевезено более 513 тысяч ДФЭ.

– В этом году мы предложили клиентам новые мультимодальные транзитные сервисы доставки через порты Калининграда, – рассказал генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром. – 1 октября в Калининградской области открылся новый контейнерный терминал Восток – Запад, где наша компания стала первым оператором по доставке грузов на маршруте Китай – Европа – Китай.

Кроме того, в 2021 году компания начала доставлять грузы из Китая в Славков (Польша) с задействованием нового пограничного перехода Горьнь/Удрицк (Беларусь/Украина). Сервис проходит через Казахстан, Россию, Беларусь и далее по территориям Украины и Польши без необходимости осуществления операции по перегрузу с широкой колеи на узкую. Уже сегодня по этому коридору регулярно осуществляется перевозка двух поездов в неделю. В планах компании увеличить частоту отправки до одного поезда в сутки.

Свыше 140 грузообразующих локаций в Азии и Европе сегодня надежно сопряжены сервисами ОТЛК ЕРА. А общее количество маршрутов по итогам первых трех кварталов 2021 года выросло до 310.

– Совместными усилиями наш маршрут уже сегодня работает по принципу трубопровода. Ежедневно в пути следования на инфраструктуре колеи 1520 в сервисе АО «ОТЛК ЕРА» находится более 120 организованных контейнерных поездов, – отметил Алексей Гром. – Мы видим устойчивый спрос со стороны клиентов и стараемся его удовлетворить в полной мере. Конечно, для это необходим высокий уровень интеграции участников перевозочного процесса как в сфере инфраструктурного взаимодействия, так и в области применяемых технологий.

По его мнению, для последовательного роста транзита нужно создавать резервы пропускных возможностей не только на инфраструктуре колеи 1520 мм, но и на сопредельных участках евразийского маршрута.

приобрести объект продажи по объявленной цене и подписавший протокол об итогах торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи Имущества по цене продажи.

Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня подведения итогов торгов веб-порталом Реестра.

Победитель обязан произвести за свой счет все расходы, связанные с куплей-продажей Имущества, включая, но не ограничиваясь, расходы по регистрации Имущества и уплату соответствующих налогов и других платежей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Победитель, подписывая протокол об итогах торгов, подтверждает, что на момент покупки Объекта он полностью ознакомлен и согласен с техническим состоянием Объекта и его недостатками.

Победитель согласен с тем, что недостатки Объекта возмещению не подлежат, и Продавец не несет никакой ответственности за любые недостатки Объекта.

Победитель обязуется не предъявлять требования к Продавцу по вопросу качества, комплектности Объекта.

С положениями о порядке проведения электронного аукциона, порядке оформления участия в торгах, об условиях определения Победителя можно ознакомиться в Правилах и Регламенте, которые находятся в публичном доступе на сайтах АО «КТЗ Экспресс» www.ktze.kz и АО «Информационно-учетный центр» www.gosreestr.kz.

Дополнительную информацию можно получить по телефонам 8 771 08 38 734 (АО «КТЗ Экспресс»), г. Нур-Султан, ул. Дінмұхамед Қонаева, 10, и 8 7172 55 29 81 (АО «ИЦ»), г. Нур-Султан, ул. А. Жубанова, д. 16, 4 этаж.



## ЕСКЕРТКІШ ТАҚТА ІЛІНДІ



Батыс өңірінің теміржолына өлшеусіз үлес қосқан теміржолшы құрметіне Ақтау қаласындағы өзі тұрған көпқабатты үйдің қабырғасына ескерткіш тақта ілінді.



**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Құрметті теміржолшы Қалағанов Қыдыр Дәрменқұлұлы 1933 жылы Ақтөбе облысы Шалқар ауданында туған. Ақтөбе теміржол техникумын бітіріп, еңбек жолын 1957 жылы Шалқар станциясында таразышы болып бастапты. Екі жылдан кейін бөлімшеге коммерциялық ревизор, сосын пойыз диспетчері болып ауысады. Ташкент теміржол институтын бітіріп, жоғары білім алған соң бөлімше бойынша кезекші, 1967 жылы Ембі станциясының бастығы болады. Бірнеше жылдан кейін Ақтөбе бөлімшесі директорының жүк шаруашылығы жұмыстары бойынша

орынбасары қызметіне тағайындалады. Маңғыстау өңіріндегі еңбек жолын 1987 жылы Гурьев теміржол бөлімшесі директорының Маңғыстаудағы орынбасары болып бастап, жиырма жыл түбек темір жолында жемісті еңбек етіп, зейнетке шыққан. Айта кетейік, кейіпкеріміздің әкесі Дәрменқұл Қалағанов «Ленин» орденді қазақтан шыққан алғашқы пойыз диспетчерінің бірі болған. Шалқар ауданында данқты теміржолшы атында көше бар. Қалағановтар әулетінің еңбек жолын бүгінде үшінші буын жалғастырып жатыр.

*Суретті түсірген автор*

## ҮЗДІК ҰЙЫМ БАСШЫСЫ



Оразалы Ерубаев – теміржолшылар әулетінің өкілі. Еңбек жолын жол шаруашылығында кадр бөлімінде бастаған ол бүгінде Қырқыншы машиналандырылған жол дистанциясында кәсіподақ комитетінің төрағасы. Жақында бастауыш кәсіподақ ұйымы осы саладағы арнайы байқауда жеңімпаз атанды.



**Ұлан ОРАЗ,**  
Нұр-Сұлтан

Ақмола өңірінде туып-өскен ол теміржол саласындағы еңбек жолын 2001 жылы бастап, ПЧ-17 мекемесінде кадр бөлімін басқарады. Құқықтық салада білімі бар, сауатты маман 2010 жылы кәсіподақ төрағалығына сайланады.

– Кәсіподақ жұмысы оңай емес, тынымсыз да мазасыз жұмыс. Теміржолшылар құқының қорғалуын қамтамасыз ету, еңбек тәртібінің бұзылмауын қадағалау барысында талай кедергілерге тап болу мүмкіндігі бар, қиын жағдайға түскен жұмысшыларға қолдау көрсетіп, сонымен қатар түрлі қайырымдылық шараларын, спорттық додалар

ұйымдастырамыз. Біздің ұжым әсіресе қайырымдылық көрсетуде өте белсенді, мәселен, биыл үйлері өртеніп кеткен әріптестерімізге көмек көрсеттік. Сосын кәсіподақ жұмысы уақытылы есеп беріп отыруды да қажет етеді, – дейді О.Ерубаев кәсіподақ ісінің қырсырын түсіндіріп.

Теміржолда 41 жыл еңбек еткен, станция кезекшісі болған әкесі Сунат Ерубаев та кәсіподақ төрағалығына сайланып, 24 жыл қызмет атқарған екен. Анасы Нағима да станция кезекшісі, тауар кассирі болған. Әкесінің інісі де осы станцияда еңбек еткен. Осындай теміржолшылар әулетінің тікелей ұрпағы бола тұра ол әбаста заңгер мамандығын таңдап, біраз жыл құқық қорғау

саласында еңбек етіпті. Бірақ жылдар өтіп, әулетіміздің төл кәсібіне мен де орадтым. Қазір төрт ұл немеремнің үлкені теміржол саласында жоғары білім алуда. Сол немерем ата кәсібін жалғастырады деп үміттенемін, – дейді кәсіподақ жетекшісі. Кейіпкеріміз рас айтады, кәсіподақ комитетін басқару кез келгеннің қолынан келетін жұмыс емес. Көпшілікпен жұмыс істей білу, дау-дамай, талас-тартысты екі жаққа да оңтайлы шеше білумен қатар, саладағы құқықтық нормаларды жетік білу керек. Бүгінде зейнет жасына жеткен кейіпкеріміздің іскерлігін бағалайтын ұжымы аттай қалап оны тағы 5 жылға сайлап отыр.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## Спорт

### ОТБАСЫЛЫҚ САЙЫСТА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Қандыағаш станциясының теміржолшылары «Әкем, анам және мен» атты отбасылық сайыста бақ сынады. Салауатты өмір салтын насихаттаған шара теміржолшылардың ынтымағын арттыра түсті.

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

Теміржолшылардың отбасылық байланысын нығайтып, әр шаңыраққа рухани және мәдени мереке сыйлаған сайыс өте қызықты өткені сол, оған қатысуға ниет білдіргендер де аз болмады. Бірақ, оған іріктелген үш отбасы қатысып, өзара бақ сы-



нады. Әр отбасы жеке топты, яғни бір команданы құрайды. Олар жеңіс мәресіне жету үшін бірнеше кезеңден тұратын кедергілерге төтеп беруі тиіс болды. Жеңіс жолында барын

салған отбасылардың осалы болмады. Дегенмен, дайындығы жоғары, бұрыннан спортқа жақын Қандыағаш жол дистанциясының қызметкері Валера Тәжібаевтың отбасы барлық

кедергілерден оңай әрі сүрінбей өтіп, жеңіске жетті. Екінші және үшінші орынды Қандыағаш әскерлендірілген күзет мекемесінің өкілі Смағұлұттар отбасы мен Қандыағаш белгі беру және байланыс дистанциясының қызметкері Аманқұлұттар отбасы бөлісті.

«Әкем, анам және мен» сайысы, атының өзі айтып тұрғандай, салауатты өмір салтын ұстанатын теміржолшылардың отбасының мерейін арттыратын тәрбиелік маңызы зор ойын-сауық бағдарламасына айналды. Әкесі мен шешесіне қоса балалары да қатысып, жеңіс жолында күш біріктіретін сайыс отбасы құндылығын арттырып, татулығын бекемдеп, дені сау ұлттың қалыптасуына әсер етпек. Бүгін сайысқа қатысқан отбасылар шебер ойын үлгісін көрсетіп, жанкүйерлерін әбден риза етті. Шара отбасылық мерекеге айналғандай болды, – дейді спорт нұсқаушысы Нұрғұл Батырхан.

*Суретті түсірген автор*

## МАРАФОН НЕ ЗНАЕТ ГРАНИЦ



В Карагандинском филиале ОО «КАЗПРОФТРАНС» подвели итоги марафонского забега 30 километров за 30 дней, приуроченного к 30-летию независимости РК. По словам организаторов, интерес к этому виду спорта растет из года в год, и по популярности он занимает лидирующие позиции.

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

Марафонцев поприветствовал председатель Карагандинского филиала профсоюза Яхия Альмусин, пожелав всем отличного настроения и бодрого духа в предстоящем забеге. Заявку на участие в спортивном мероприятии подали 70 человек, однако заданную дистанцию смогли преодолеть лишь 30 работников. Среди мужчин отличную технику в забеге продемонстрировал энергодиспетчер ЭЧ-12 Аслан Капасов. Ему удалось преодолеть 291 километр за 30 дней. К тому же он стал участником республиканского марафона «Astana Marathon 2021». Среди ветеранов дистанцию более 161 километра пробежал ветеран спорта Жаксыгелды Ипгитаев за 30 дней, а 30 километров он преодолел всего за один день.

Среди женщин рекорд по забегу побила инструктор АО «Вагон-сервис» Улболсын Тапанова. Ее забег – 156 километров 43 метра. Неплохие результаты показала и оператор ЦДАЦ АСУ Сауле Абдрахманова. Среди самых молодых железнодорожников в возрасте от 18 до 20 лет расстояние 30 километров всего за 2 часа преодолел дежурный по станции Караганда-Сортировочная Толеу Ансар.

Во второй возрастной группе от 30 до 40 лет отличился помощник машиниста эксплуатационного локомотивного депо ТЧЭ-14 Елдос Темиров, преодолевший дистанцию 30 километров за 2 часа 10 минут, а машинист электровоза эксплуатационного локомотивного депо Караганда Николай Кузнецов пробежал это же расстояние за 2 часа 18 минут. В забеге отличный результат продемонстрировала ведущий инженер Карагандинской дистанции электроснабжения Ляйла Ақылбаева, пробежавшая расстояние 30 километров за 3 часа 18 минут, а инженер-технолог 1 категории станции Майкудук Ольга Дорофеева преодолела дистанцию 35 километров за 3 часа 30 минут. Что касается дам возрастной группы 50-60 лет, то Зауреш Төлеуова за 30 дней совершила забег на 98 километров.

В результате до финиша дошли те, кто сумел рационально использовать свои возможности и потенциал. Это далеко не первый и не последний забег.

*Фото автора*



**Асхатар РАЙҚҰЛ,**  
Тараз

Бұл айтулы бәсекеге еліміздің 9 өңірінен 65 спортшы қатысқан екен. Енді чемпионаттың жеңімпаздары 2022 жылы ұйымдастырылатын халықаралық додада ел намысын қорғайтын ұлттық құрамаға іріктеледі.

Құрыш биіктігі теміржолшыны жеңісімен құттықтап, аз-кем тілдесудің сәті түскен. Ол 1990 жылы Жамбыл облысының Байзақ ауданына қарасты Буденовка ауылында дүниеге келген екен. Тараз қаласының олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебін бітірген. Яғни, 2005 жылдан бастап жеті жыл бойы дзюдо күресімен айналысқан. «Дзюдодан спорт шеберіне үміткер» деген дәрежесі бар.

Жастайынан спортқа жаны құмар. 2009 жылы жастар арасында Қазақстан чемпионатын, одан кейін жастар арасында Азия чемпионатында жеңіске жеткен. 2011 жылы Майамиде өткен Әлем кубогында бесінші тұғырды қанағат тұтқан екен. Өткен жылы пауэрлифтингтен дәл осындай Қазақстан чемпионатында үшінші орын алыпты. – Негізі, алғашқы маман-

## ЖАРАЙСЫҢ, ДӘУРЕН!

«Жамбылдық теміржолшы Дәурен Мәдижан Нұр-Сұлтан қаласында өткен парапауэрлифтингтен Қазақстан чемпионатында топ жарды» деген сүйінші хабарды қуана қабылдадық. Жарыс қорытындысы бойынша Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі өндірістік-техникалық бөлімінің инженері Дәурен Мәдижан өз салмақ дәрежесінде екінші орынды еншілеген.

дығым – бухгалтерлік есеп және аудит. Кейін М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясын «Тасымалдауды ұйымдастыру» мамандығы бойынша бітірдім. Теміржолдағы еңбек жолым алты жыл бұрын ғана басталды. Астана станциясында пойыз құрастырушы болғанмын ол кезде. 2018 жылы өндірістік жарақат алып, біршама қиындықтарға тап болдым. Алайда, мен сынған жоқпын, өмірге құштар болдым. Алдыма мақсат қойдым, оған жетуім өзіме борыш санадым. Жаным спортқа жақын болған соң, мүмкіндігі шектеулі жандардың санатына қосылсам да, спортты тастай алмадым. Параспортқа бет бұрдым. Бірақ дзюдодан емес, пауэрлифтингтен. Яғни, ауыр зілтемірлерді жатып көтеру, – дейді Дәурен Мәдижан.

Оның парапауэрлифтингпен айналысып жүргеніне небары үш-ақ жыл болыпты. Үш жылда осынша нәтиже көрсетіп, жетістікке шыққан Дәуреннің ерік-жігері, расында, мықты. «Бұл спорт денсаулығыңа кері әсер етпей ме?» деген сауалымызға «Жоқ, бапкерлеріміздің айтқанын істесек, ешқандай зақым келмейтініне сенімдімін»

деп жауап берді. Дәуреннің жоспары да жоқ емес. Келесі жылы Португалияда өтетін Әлем кубогында бағын сынағысы келеді. Тек қаржылай қолдау керек, жұмыс орнынан демеу қажет. «Рас, әріптестерім моральдық тұрғыдан қолдарынан келгенше көмектесіп жатады. Аптасына төрт мәрте жаттығу залынан табылуым керек. Маған әлі көп тер төгу керек. Былтырғы бәсекеде үшінші орын бұйырды дедім, биыл екінші тұғырдан көріндім. Келесі жылы бірінші орынды еншілеймін деп өзіме уәде беріп отырмын», – деген спортшы-теміржолшы бапкері туралы да мақтанышымен айтып берді.

Чемпион осы уақытқа дейін ешкімнен, ешқандай қаржылық қолдау көрмегенін де жасырмады. Тек Тараз қаласындағы дене мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт мектебіндегі демеушілігімен ғана додаларға қатысып, топ жарып жүр.

Дәуренді жарыстарға жаттықтырып жүрген Руслан Греев те осал емес, әлемнің үш дүркін чемпионы. Ол әрі Жамбыл облысының бас бапкері, Қазақстанға еңбегі сіңген спорт шебері.

*Суретті түсірген автор*



## ВЕСЕЛІЕ СТАРТЫ

Работники вокзального комплекса «Нұрлы жол» приняли участие в эстафете «Веселые старты», приуроченной к Дню профсоюзов РК.

**Любовь РОВБА,**  
Нур-Сұлтан

Местом проведения веселой эстафеты стал Триатлон парк столицы. За звание лучших боролись пять команд – четыре смены дежурных по вокзальному комплексу и административно-управленческий персонал. Им предстояло на скорость выполнять забавные задания с мячом, прыгать на скакалке, бегать «паровозиком». Участники дружно, весело и непринужденно преодолели этап за этапом, демонстрируя ловкость, сплоченность и волю к победе.

Лучше всех с заданиями справилась 4-я смена под руководством дежурного помощника вокзального комплекса Бауыржана Медралы. Она заслуженно поднялась на верхнюю ступень пьедестала почета. Второе место заняла 2-я смена, возглавляемая дежурным помощником начальника вокзального комплекса Батырханом Әбдікәрімом, замкнула тройку призеров команда административно-управленческого персонала.

– С удовольствием приняли участие в эстафете и очень рады победе. Несмотря на составительный дух, атмосфера была дружественной и радостной. Спасибо руководству за организацию этого замечательного мероприятия, развитие спорта и пропаганду здорового образа жизни среди работников, – сказала Бауыржан Медралы.

В торжественной обстановке победителям вручили переходящий спортивный кубок вокзального комплекса, диплом и материальное вознаграждение, призеров также поощрили денежной премией.

Эстафета стала настоящим праздником спорта, здоровья и молодости.

*Фото автора*



ҚАЗАҚСТАН  
ТЕМІР  
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор  
**Дина Муздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

Газет басылатын қалалар:  
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,  
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су келігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:  
**Р. Рахметов, С. Бакесова**

Меншікті тілшілер:

**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шымкент:** Жаная Сьдықбай 8-707-390-17-18  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Жамбыл:** Асхатар Райқұлов 8-700-330-01-53  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Караганды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76  
**Костанай:** Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдаң Ертай 8-747-535-21-58  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97  
**Көкшетау:** Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:  
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер  
**Асель Распаева,**  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және  
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық  
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың  
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.